

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30  
EURASIAN NATIONAL  
UNIVERSITY



БГПУ  
им. М. Акмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ  
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ  
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND  
PRACTICE»

## МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ  
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ  
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА  
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:  
НАУКА И ПРАКТИКА»  
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM  
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM  
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»  
february 26, 2026**

**Астана, 26 ақпан 2026 ж.**

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,  
Махадиева А.К.

**П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

**ISBN 978-601-385-193-8**

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-385-193-8**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.  
Authors are responsible for the content of their materials.

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
<b>3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері</b> <b>3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию</b> <b>3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education</b>		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

235	Момунова А.Н., Маматова А.А. Психологические особенности и формы конфликтного поведения подростков с инвалидностью	976
236	Муталиева А.Ш., Ахтанова С.К. Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халқаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері	980
237	Ногайбаева М.К., Әлімбаева А.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби қызметке даярлау	985
238	Baisarina S.S., Makhadiyeva A., PrimbekovaZh. Application of ict-technologies in elementary school in inclusive education	991
239	Нұрбекова А.М., Сарсенова Б.Ж. Аутистік спектрі бұзылысы бар балаларға кешенді тілдік дамыту бағдарламаларының ғылыми негіздері.	996
240	Нұрбекова А.М., Жанузаков Н.К. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін логопедиялық түзетуде қолданбалы мінез-құлық талдау әдістерін пайдалану	1001
241	Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Социально-педагогическая поддержка семьи, воспитывающей ребёнка с РАС	1005
242	Сейдина М.З., Есимова Н. Б. Қазақстан республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың стратегиялық негіздері мен жүзеге асыру тетіктері	1011
243	Kabakova M.B., Әбілдина С.Қ. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтардың білім беру құзыреттіліктерін дамытудың жаңа тенденциялары	1015
244	Бекжанова С.Ж. О.С. Никольская бойынша II топтағы аутизмді бар балалармен жұмыс жүргізуде визуалды қолдаудың тиімділігі	1019
245	Турманова Ж.Е. Инклюзия жағдайында қызмет ететін мамандардың психологиялық құзыреттілігі	1024
246	Каракпаева С.К., Матиева Г.Д. СТЖД деңгейіне байланысты сөйлеу тілін дамытудың дифференциалды тәсілдері	1029
247	Жукашева Г.М. Инклюзивті білім беруде педагог-ассистент әрекетінің сенсомоторлық моделі	1033
248	Жолдасбек Г.И. UDL қағидалары негізінде аі құралдарымен есту қабілеті бұзылған оқушыларға арналған оқу материалдарын әзірлеу әдістемесі және оны оқу үдерісінде қолдану	1037
249	Куандыкова А.К. Инклюзивті білім беруде қауіпсіз психологиялық және жайлы орта қалыптастыру қағидалары	1042
250	Танирбергенова С.О. Мектепте ерекше балаларға толерантты қатынасын қалыптастыру жолындағы сынып жетекшісінің ролі	1047
251	Темиргалиева А.Н. Арнайы мектеп-интернатта ерекше білім беруді қажет ететін	

	оқушыларды география пәніне оқытуда жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың тиімділігі	1050
252	Айтқұлова Н.Ж., Махаметова З.А. Балалардың ерте психикалық дамуының ерекшеліктері	1054
253	Топатаева М.К. Визуалды қолдау технологиясының инклюзивті білім берудегі маңызы мен мәні	1057
254	Махаметова З.А., Айтқұлова Н.Ж. Инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық қолдаудың тиімді жолдары	1062
255	Ұлықбек А.Қ. Инклюзивті білім берудің қажеттіліктері	1065
256	Mukashaeva A., Dyussenbaeva B.A. Barriers to inclusive culture in the educational environment of higher education institutions	1069
257	Алимқұлова Т.С. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ тәрбиешілердің жобалау құзыреттілігін қалыптастыру	1072
258	Дрепина А., Жубақова С. Готовность будущих учителей к социализации детей с расстройствами аутистического спектра в условиях общеобразовательной школы	1076
259	Бақтиярова Д.А., Жусупова Д.Б. Мектепке дейінгі ұйымдағы логопед жұмысы және заманауи технологиялар	1086
260	Даутбаева Т.С., Малғайдарова Г.Т., Ермашева А.О. Инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік бейімделу мәселелері	1089
261	Ештай М.М. Жалпы сөйлеу дамуы бар бастауыш сынып оқушыларының орфографиялық дағдыларды меңгеруге қажетті алғышарттары	1094
262	Жанғожина Қ.Б. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету оқу-тәрбие жұмысы	1098
263	Избасар А.Ә. Сөйлеу тілінің дамуындағы фонематикалық қабылдаудың рөлі	1102
264	Керімбекова А.А. Психолого-педагогическая поддержка развития непозиционного лидерства преподавателей колледжа	1106
265	Қайролла Д.Е., Кизат Г.Е., Мадешова А.А. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің инклюзивті құзыреттілігін трансформациялау жолдары	1111
266	Қостай Д.Т. Болашақ әлеуметтік педагогтерді сервис-лернинг технологиясы арқылы волонтерлік іс-әрекетке дайындаудың отандық және халықаралық тәжірибесі	1114
267	Мақсұт Е.Н. Инклюзивті білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	1119
268	Матиева Г.Д., Каракпаева С.К., Әлшериев Е.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы инновациялық логопедиялық әдістер	1123

269	Нагайцев Т.О. Психолого-педагогические стратегии подготовки педагогических кадров к предупреждению суицидального поведения несовершеннолетних: междисциплинарная модель школьной превенции	1128
270	Оразбаева Д.С. Ағылшын тілі сабағында инклюзивті білім берудің ерекшеліктері	1133
271	Сыдыкова Г.Д., Токсанбаева Г.Б. Танымдық ойындардың аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілін дамытудағы рөлі	1136
272	Тайғарина А.Э. Психикалық дамуында тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларын білім беру ортасына бейімдеудегі әлеуметтік педагогтың рөлі	1139
273	Турсунбаева А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды кәсіби даярлаудың инновациялық тәсілдері: халықаралық көзқарас	1142
274	Сейткамалова А.К. Тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын-алу тәсілдері	1146
275	Толеуханова А.Д. Инклюзивті мәдениет зерттеулеріндегі әдіснамалық тұғырлар	1149
276	Турекулова Н.А. Бастауыш білім беру арқылы нашар еститін оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру	1153
277	Болат Б.Қ. Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын дене тәрбиесі арқылы қалыптастырудың маңызы	1155
278	Бейсенбаева Ж.Н. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері	1159
279	Мендигереева Д.А. Студенттердің өмірлік құндылықтары мен денсаулыққа көзқарасының психологиялық аспектілері	1162
280	Шарапатов Р.Ж. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер типологиясын талдау	1167
281	Жақыпбекова З.Ж. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің өзін-өзі реттеу мәселелері	1171
<p><b>4-секция: Заманауи педагогтің кәсіби дамуындағы құндылықтық тәсілдеме</b>  <b>4-секция: Ценностный подход к профессиональному развитию современного педагога</b>  <b>4-section: Value-based approach to the professional development of the modern teacher</b></p>		
282	Абдукаримов Н.А. Педагогические принципы совершенствования уроков физического воспитания для учащихся начальных классов	1176
283	Куттибекова Г.Т. Организация процесса начального образования на основе передовых современных педагогических технологий	1179
284	Абилова Г.О. Заманауи педагогтың кәсіби дамуында педагогикалық вебинарлардың рөлі	1182
285	Ибадуллаева С.Ж., Кожабергенова А.Т. Биология пәні негізінде жоғары сынып оқушыларына экологиялық білімді қалыптастырудың маңыздылығы	1187

Сейткамалова Алма Камбаровна

PhD, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ, Астана, Қазақстан  
[almaseitkamalova\\_axmetova@mail.ru](mailto:almaseitkamalova_axmetova@mail.ru)

**Аннотация.** Бұл мақала тәрбиеленушілер арасындағы агрессивті агрессивті мінез-құлықтың пайда болу себептері және оның алдын-алу тәсілдері қарастырылады. Агрессияның қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық факторларға талдау жасалады. Сонымен қатар педагог жұмысының маңызы, қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жолдары және тәрбиелік-профилактикалық шаралар ұсынылады.

**Түйін сөздер:** Агрессия, агрессивті мінез-құлық, тәрбиеленушілер, агрессияның алдын-алу, психологиялық қауіпсіздік, эмоцияналдық тәрбие, педагогикалық ықпал, қарым-қатынас мәдениеті, қақтығысты шешу.

Балалардың жоғарғы агрессивтілігі дәрігерлер, педогогтер мен психологтар үшін ғана емес, сонымен қатар тұтас қоғам үшін де негізгі проблемалардың бірі болып отыр. Агрессивтілік (лат. «шабуылдау, қауіп тудыру») – агрессивті мінез-құлыққа апарар ниет, жағдай. Агрессивті жағдай ашу, жаулық, жеккөрушілік эмоциялар арқылы көрініс табады. Агрессивті мінез-құлықты балалар саны тез артып келе жатқандықтан, тақырып өзектігі күмән келтірмейді. Қазіргі қоғамда балалар арасында агрессия мәселесі өзекті әлеуметтік-педагогикалық проблемаға айналып жатыр. Агрессия- өзіне және жанындағы адамға зиян келтіретін мінез-құлық. Тәрбиеленушілердің арасындағы агрессивті әрекеттер оқу-тәрбие процесінің сапасына кері әсерін тигізіп қана қоймай, қауіпсіз орта қалыптастыруға кедергі келтіреді. Сол себепті агрессияның алдын-алу тәрбиешілердің басты міндеті.

Жалпы алғанда агрессияның пайда болуы мына себептерден болады :

Тәрбиеленушілер арасындағы агрессия әр-түрлі факторлардың ықпалынан болады.

-Отбасындағы қолайсыздық, зорлық-зомбылықтар болу себептерінен болуы әбден мүмкін зорлық–зомбылықты үздіксіз насихаттаумен айналысатын жалпы ақпарат құралдарды, кино және бейнеиндустрия да өз үлесін қосып отыр.

Соңғы жылдары балалар агрессиясы проблемаларына ғылыми мүдделілік те артып отыр, бірақ, өкінішке орай, шынайы түзету мен емшара тәжірибесіне негізделген зерттеулер салыстырмалы түрде аз.

-ата-ана тарапынан жеткіліксіз көңіл бөліну немесе бала өсіп келе жатқан отбасының өзі агрессивті мінез-құлыққа бейім болуы және осындай көріністі бала санасында берік орнықтыруы мүмкін.

-құрдастар арасындағы бәсекелестік пен түсінбеушілік немесе балалар агрессияшыл мінез-құлыққа құрдастарымен қарым-қатынасы барысында үйренуі мүмкін.

-эмоцияны басқару дағдыларының дамымауы, темпераменттің ерекшелігі (қызуқан, импульсивтілік) және эмоционалдық тұрақсыздықпен өзін-өзі реттеу дағдыларының болмауы.

-баланы шамадан тыс еркелету, баланы жақсы көру, оған қамқор болу — дұрыс тәрбиенің негізгі элементі. Алайда кейде ата-аналар махаббат пен қамқорлықты шектен тыс көрсетіп, баланы шамадан тыс еркелетеді. Бұл баланың тұлғалық дамуына кері әсер етіп, болашақта қиындықтарға әкелуі мүмкін. Шектеу мен тәртіп болмағандықтан, бала эмоционалды түрде тұрақсыз болады.

Бұл факторлар баланың ішкі күйзелісін күшейтіп, оны агрессивті мінез-құлық арқылы көрсетеді.

### Агрессияның алдын-алудағы педагогтың рөлі

Агрессия – бұл адам жағдайының жиі серігі және бұл шындыққа бейімделуге көмектесетін қалыпты эмоция. Бұл организмнің бір нәрсеге қарсы тұруға бағыттауға тырысатын белсенді әрекеттерге психофизиологиялық дайындығы.

Тәрбиеші тәрбиеленушінің мінез-құлқын ерте байқап, алдын-алу шараларын дер кезде ұйымдастырған дұрыс. Біріншіден білім беру ұйымында психологиялық және қауіпсіздік орта ұйымдастырған жөн. Бала өзін еркін, қауіпсіз сезінген жағдайда агрессия деңгейі төмендейді. Педагогтар тәрбиеленушілермен сенімді қарым-қатынас орнатып, баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп отыру қажет. Қатал жазалану мен қысым көрсету агрессияны күшейтетінін ескеру маңызды.

### Агрессияның алдын-алу тәсілдері

Агрессия — адамның ашу-ыза, реніш, қорқыныш сияқты сезімдерін басқа адамдарға бағыттап көрсетуі. Ол жеке тұлғаға, ұжымға және қоғамға кері әсер етеді. Сондықтан агрессияның алдын алу маңызды міндет болып табылады.

Тәрбиеленушілердің арасындағы агрессияның алдын-алу үшін мына тиімді тәсілдерді қолдануға болады ;

-Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру

Қарым-қатынас мәдениеті — адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесу кезінде әдепті, сыпайы, түсінікті және құрметпен қарым-қатынас жасау қабілеті. Қарым-қатынас мәдениеті әрбір адамның тұлғалық дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Тәрбиеленушілер үшін бұл дағдыны қалыптастыру ерекше мәнге ие, себебі бала өмір бойы өз орнын таба білуі үшін қоғаммен дұрыс байланыс орната білуі қажет. Топтық жұмыстар, пікірталастар мен рөлдік ойындар арқылы тәрбиеленушілер бір-бірін тыңдауға, сыйлауға және өз ойын агрессиясыз жеткізуге үйренеді.

-Эмоционалдық тәрбиені дамыту

Эмоционалдық тәрбие — баланың сезімдерін түсіну, білдіру және басқару қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие процесі. Ол тұлғаның психологиялық дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Қазіргі қоғамда эмоционалдық сауаттың болуы — адамның әлеуметтік өмірде табысты болуының негізгі шарттарының бірі. Балаларға өз сезімдерін тану, түсіну және дұрыс білдіруді үйрету қажет. Арнайы тренингтер, ойындар мен жаттығулар арқылы эмоцияны басқару дағдылары қалыптастырылады.

-Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге үйрету

Қақтығыс — балалар арасындағы пікір қайшылықтары, түсінбеушіліктер немесе келіспеушіліктер нәтижесінде туындайтын жағдай. Қақтығыстар өмірде әрдайым болады, бірақ олардың шешімін бейбіт жолмен таба білу — тұлғаның әлеуметтік жетілгендігін көрсетеді. Сондықтан балаларға қақтығысты бейбіт жолмен шешу дағдыларын үйрету маңызды. Қақтығыс жағдайларын талдау, медиация элементтерін қолдану балалардың мәселені күш қолданбай шешуіне көмектеседі.

-Ата-аналармен тығыз байланыс орнату

Бала тәрбиесінде ата-ана мен тәрбиеші арасындағы байланыс маңызды рөл атқарады. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі көбіне осы байланысқа тәуелді. Ата-анамен тығыз қарым-қатынас орнату — баланың тұлғалық дамуын және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі. Ата-аналарға агрессияның себептері мен алдын алу жолдары туралы кеңес беру, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру оң нәтижеге ықпал етеді.

-Психологиялық қолдау көрсету

Тәрбиеленушілерге психологиялық қолдау көрсету – баланың балабақшаға бейімделуін, эмоциялық жай-күйін және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін өте маңызды жұмыс. Психологтің жүйелі жұмысы агрессивті мінез-құлықтың алдын алуда маңызды рөл атқарады. Қажет жағдайда жеке және топтық кеңестер жүргізілуі тиіс.

### *-Қоғамдық және мәдени шаралар*

*Агрессивті мінез-құлқы бар балаларға арналған қоғамдық және мәдени шаралар олардың энергиясын қауіпсіз арнаға бағыттауға, эмоциясын басқаруға және әлеуметтік дағдыларын дамытуға өте тиімді. Төменде балабақша және мектепке дейінгі жасқа бейімделген, практикалық нұсқаларды ұсынамын. Достық, мейірімділік апталығы, «Жақсылық жасау» акциялары, шығармашылық, спорттық іс-шаралар: балалардың энергиясын пайдалы бағытқа бағыттау.*

### *-Ата-анамен бірлескен жұмыс*

Агрессивті мінез-құлық көрсететін балалармен тиімді жұмыс жүргізу ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты талап етеді. Себебі баланың мінез-құлқы ең алдымен отбасындағы қарым-қатынас, тәрбие стилі және эмоционалдық ахуалмен тығыз байланысты.

Бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары мыналар болып табылады: ата-аналарға баланың агрессивті мінез-құлқының себептері туралы түсіндіру, жас ерекшеліктерін ескере отырып дұрыс тәрбие беру жолдарын көрсету, сондай-ақ баламен қарым-қатынаста сабырлық пен түсіністіктің маңызын жеткізу. Психолог, тәрбиеші және ата-ана арасындағы тұрақты байланыс баланың мінезіндегі жағымсыз көріністерді дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ата-аналарға арналған кеңестер, тренингтер, жеке әңгімелесулер мен семинарлар ұйымдастыру тиімді болып табылады. Мұндай жұмыстар ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығын арттырып, балаға қолайлы эмоционалдық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Нәтижесінде ата-анамен бірлескен жүйелі жұмыс агрессивті мінез-құлқтың төмендеуіне, баланың өзін-өзі басқару дағдыларының дамуына және отбасындағы қарым-қатынастың жақсаруына жағдай жасайды.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, тәрбиеленушілер арасындағы агрессияның алдын алу – жүйелі, кешенді және үздіксіз жүргізілуі тиіс маңызды процесс. Агрессияның алдын алу үшін ең алдымен қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыру, өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынасты дамыту қажет. Педагогтер мен тәрбиешілердің рөлі ерекше: олар балалардың мінез-құлқындағы өзгерістерді дер кезінде байқап, қолдау көрсетіп, эмоцияларын дұрыс басқаруға үйретуі тиіс. Сонымен қатар, тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру, тұлғалық және әлеуметтік дағдыларды дамыту агрессияның алдын алуға оң әсер етеді. Агрессияның алдын алу – кешенді әрі жүйелі жұмысты талап ететін үдеріс. Педагог, психолог және ата-ана арасындағы ынтымақтастық, тәрбиелік жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы агрессия деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Ең бастысы – әрбір баланың тұлға ретінде қалыптасуына қолайлы, қауіпсіз және мейірімді орта құру. Осындай ортада ғана тәрбиеленушілердің психологиялық саулығы сақталып, қоғамға бейім, жауапты тұлға болып қалыптасады. Осылайша, алдын алу шаралары жүйелі түрде жүргізілген жағдайда тәрбиеленушілер арасында агрессия деңгейі төмендеп, өзара түсіністік пен жағымды қарым-қатынас қалыптасады.

### **Пайдаланған дереккөздер тізімі:**

1. Тәжібаев Т.Б. Мектеп оқушылар арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылықтың алдын алу
2. Guryanova, M. P., Selivanova, E. I. Current Problems of Preventing Aggressive Behavior in the Educational Environment: A Case Study

3. Ridawan, B. N. D. H., Setiyowati, A. J., Hambali, I. M. A Preventive Strategy Against Verbal Aggressive Behavior: Structured Learning Approach in Group Counseling

ӘӨЖ 37.015:376

## ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҰҒЫРЛАР

Толеуханова А.Д.<sup>1</sup>

[ad\\_toleukhanova@mail.ru](mailto:ad_toleukhanova@mail.ru)

Махамбетова Ж.Т.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ., Қазақстан  
[mzhamilyam@gmail.com](mailto:mzhamilyam@gmail.com)

**Аннотация:** Инклюзивті білім берудің мәнін ашуға, оны жүзеге асырудың жолдары мен шарттарын анықтауға бағытталған теориялық-әдіснамалық тұжырымдар қысқаша талданады. Бұл талдау қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды үйлесімді түрде енгізуді қамтамасыз ету үшін дәстүрлі білім беру жүйесіне мақсатты және құрылымдық-функционалдық өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Антропологиялық, жүйелік, тұлғалық-әлеуметтік-іс-әрекеттік, құзыреттілік тәсілдер жан-жақты қарастырылып, олардың құралдық маңызы, үдерістік сипаттамаларға, құрылымдық компоненттерге, жүйелер мен қосалқы жүйелердің функцияларына және олардың өзара байланыстарына бағдарлануы, жаңа инновациялық тәжірибенің қозғалыс механизмдері мен қағидаларын іздеуге бағытталуы айқындалады.

Мұндай әдіснамалық талдау білім беруде әлеуметтік сұранысқа байланысты жүріп жатқан үдерістердің логикасын түсінуге, Ресейдегі инклюзияның даму траекториясын негіздеуге мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі.

### Annotation.

A concise analysis is presented of the theoretical and methodological provisions of inclusive education, aimed at revealing its essence, the ways and conditions of its implementation at the present stage of development of the educational system. The goal is to ensure the harmonious inclusion of children with disabilities, which must be supported by targeted and structural-functional changes to the existing traditional educational system.

The anthropological, systemic, personal-social-activity, and competence-based approaches are examined in detail, highlighting their instrumental significance, orientation toward procedural characteristics, structural components, functions of systems and subsystems and their interrelations, as well as their focus on identifying mechanisms and principles for the advancement of emerging innovative practices.

It is emphasized that such methodological analysis makes it possible to understand the logic of ongoing processes in education, driven by social demand, and to substantiate the trajectory of the development of inclusion in Russian education and society.

**Түйін сөздер:** Инклюзивті білім беру, жүйе, антропологиялық, құзыреттілік, тұлғалық-әлеуметтік-іс-әрекеттік тәсілдер инклюзивті білім беруді талдау мен модельдеудің әдіснамалық негіздері ретінде.

**Keywords:** inclusive education, system, anthropological, competence, personalsocial-activity approaches as methodological bases of the analysis of inclusive education.

Инклюзивті үдерістер әлеуметтік және білім беру тәжірибесінде қазіргі қоғамның гуманизацияға қарай бағытталған инновациялық қозғалысы ретінде айқындалуда. Инклюзивті білім беруді дамыту – білім берудің жаңа сегментін құру емес, барлық білім беру сатылары мен тұтас қоғамның жүйелі, эволюциялық өзгерісі болып табылады [Семаго, 2010]. Отандық психология-педагогика ғылымында инклюзивті үдерістерді зерттеу негізінен денсаулығында шектеуі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік мәселелері, олардың әлеуметтенуі мен реабилитациясы контекстінде жүзеге асырылуда. Шетелдік және отандық тәжірибені салыстырмалы талдауға, білім беру үдерісінің барлық мүдделі қызметтері мен субъектілерінің өзара әрекеттесуінің тиімді технологияларын іздеуге, сондай-ақ білім беру жүйесіне инновациялық үдерістерді енгізуді тежейтін себептерді анықтауға ерекше көңіл бөлінуде (Н.Н. Малофеев, Н.М. Назарова, Л.М. Шипицина, Т.В. Фуряева, С.В. Алехина, Е.Н. Кутепова, М.М. Семаго және т.б.).